

БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР:

- 2 бет** ҚБМ ҚЫЗМЕТКЕРІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАР БАЙҚАУЫНЫҢ ҮЗДІКТЕРІ ҚАТАРЫНДА

- 3 бет** ҚБМ ДЕМЕУШІЛІГІМЕН ҚОС ОҚУ ЗЕРТХАНАСЫ АШЫЛДЫ

- 4 бет** ЖҰМЫС БЕРУШІ МЕН КӘСІПОДАҚ КЕЗДЕСУІ
...
ҚАРАЖАНБАСТА ЖАҢА ЖАТАҚХАНА ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

- 5 бет** ТӘЖІРИБЕМЕН БӨЛІСУ - НӘТИЖЕГЕ НЫҚ ҚАДАМ!

- 6 бет** ҚБМ ҚЫЗМЕТКЕРІ ҚЫТАЙДА МАРАПАТТАЛДЫ
...
ЕҢБЕК АДАМЫ - ЕЛГЕ ҮЛГІ

- 7 бет** ҚБМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ТҮПҚАРАҒАН САХНАСЫНДА

- 8 бет** МАМАНДЫҒЫМ – ӨМІРІМНІҢ МӘНІ

- 9 бет** ӘКЕ ЖОЛЫН ЖАЛҒАҒАН ІЗТҮРҒАНОВТАР ОТБАСЫ

- 10 бет** ҚМГ СПАРТАКИАДАСЫНА ІРІКТЕУ БАСТАЛДЫ

- 11 бет** БІРЛІК – БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

- 12 бет** МҰНАЙШЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНАН

ҚАРАЖАНБАС КЕН ОРНЫНДА АЛҒАШ МҰНАЙ ФОНТАНЫ АТҚЫЛАҒАНЫНА



ҚАРАЖАНБАСТА АЛҒАШҚЫ МҰНАЙ ФОНТАНЫ АТҚЫЛАҒАНЫНА 50 ЖЫЛ!

26 қаңтар – «Қаражанбасмұнай» АҚ-ның тарихы бастау алған ерекше маңызды күн. Осыдан тура жарты ғасыр бұрын Бозашы түбегінен орын тепкен Қаражанбас кен орнында алғашқы мұнай фонтаны атқылады.

1974 жылы Бозашы жеріне зерттеу жүргізген Әділ Нұрмановтың жетекшілігіндегі геологтар тобы барлау жұмыстарын бастауға ниетті еді. Сол жылы қыс өте жылы болып, Бозашы жағалауына мұз қатпаған екен. Бас геолог пен топограф болашақ ұңғымалардың орналасатын жерін белгіледі. Жобаға сәйкес, бұл учаскеде он екі таяз барлау ұңғымалары бұрғылануы тиіс болған. Алғашқы ұңғымаға К-12 деген атау берілді. Бұрғылау жұмыстарының бригадирі Әділ Нұрмановтың атынан Санақ Таянов МАЗ жүк көлігіне орнатылған БА-15н қондырғысымен ұңғыма бұрғылауды бастады. 26 қаңтар күні түн ортасында, 302 метр тереңдікке жеткенде, кенеттен қуатты мұнай фонтаны атқылады.

С.Таяновтың бригадасы атмосфералық қысымы 150 болатын мұнай фонтанын бағындырғанымен, оны техникалық қауіпсіздік талаптарына толық сәйкестендіру үшін бір ай уақыт қажет болды. Ашық мұнай фонтанының өнімділігі тәулігіне 150 текше метрді құрады.

Міне, сол шақтан бастап қойнауы қазынаға толы Бозашының кең даласында өндіріс қарқын ала бастады. 50 жыл ішінде Қаражанбас кен орны жан-жақты дамып, ҚБМ еліміздің маңдайалды мұнай компанияларының біріне айналды. Мұндағы мыңдаған мұнайшы елырысын еселеп, экономикамыздың дамуына елеулі үлес қосып келеді.



ҚБМ ҚЫЗМЕТКЕРІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАР БАЙҚАУЫНЫҢ ҮЗДІКТЕРІ ҚАТАРЫНДА

«Қаражанбасмұнай» АҚ №1 ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу цехының басшысы Нұрсейіт Нұрман «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобы қызметкерлері арасында өткен сайыста жүлдегер атанды. Аталмыш байқау денсаулықты сақтау, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы үздік инновациялық идеялар мен тәжірибелер ұсынған ойы озық, тәжірибесі мол мамандарды анықтайды.

Жүзден жүйрік шыққан жұмысшыны ҚБМ Бас директоры Нұрсейіт Союнов жүлдесімен құттықтап, компания атын асқақтатқаны үшін ерекше алғыс білдірді.

«Біздің ұжымда кәсіби білікті, инновациялық, зияткерлік, шығармашылық, т.б. қабілеттері жақсы да-

мыған жұмысшылар көп. Олар түрлі байқауларда шеберлігін паш етіп, өз мықтылығын дәлелдеп келеді. Бұл жолғы жетістігіміз де өндірістегі қауіпсіздікті қамтамасыз ететініне кәміл сенемін», - деді Н.Союнов.

Нұрсейіт Нұрман сайысқа «Қысқыш сақтандыру муфтасын» енгізу жобасын ұсынды. Ол ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу барысында, нақтырақ айтсақ жабдықтары біріктіре көтеру кезінде қолданылады. Ұсынылған муфта штанганың құлауын болдырмайды және жұмысшыларды өндірістік жарақаттардан қорғайды. Қаражанбаста тәжірибеден өткізіліп, тиімділігі дәлелденген жоба қазылардың оң бағасынан үлесті болып, екінші орынға лайық деп танылды.

«Бұл жоба жылдар бойы жиналған тәжірибе жемісі деп айта аламын. Біздің басты мақсатымыз өндіріс үздіксіздігі мен техника қауіпсіздігін сақтау. Алдағы уақытта да тың идеяларымызды жүзеге асыру үшін талмай еңбектенуге дайынмын», - деді Н.Нұрман.

Енді сайыста үздік деп танылған жобаларды өндірісте кеңінен қолдану жоспарланып отыр. «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2024 жылға арналған өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес, ҚБМ жұмысшысының жобасын елдегі өзге де мұнай компанияларына енгізу мүмкіндігін қарастыру ұсынылды.

ҚБМ ДЕМЕУШІЛІГІМЕН ҚОС ОҚУ ЗЕРТХАНАСЫ АШЫЛДЫ



«Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) демеушілігімен Yessenov University (YU) базасында «Ұңғымаларды гидродинамикалық зерттеу» және «Бағдарламалық қамту» қос оқу зертханасы ашылды.

Салтанатты ашылу рәсіміне ҚБМ және білім ошағының басшылығы, ардагер мұнайшылар, оқытушылар мен студенттер қатысты. Алғаш болып сөз алған YU Президенті Берік Ахметов студенттердің сапалы білім алуына ауқымды үлес қосып, оқу зертханасының ашылуына демеушілік жасаған ҚБМ Басқармасына алғысын жеткізді. Одан соң Бас директор Нұрсейіт Союнов пен университет басшысы, ардегер мұнайшылар зертханалардың лентасын қиды.

«Біздің компания өңіріміздің маңдайалды оқу ордасымен 2020 жылы өзара ынтымақтастық туралы меморандум аясында көптеген жобаларды жүзеге асырып келеді. Университет пен колледж студенттері кен орнында тәжірибеден өтіп, біздің жас мамандар болашақ мұнайшыларға дәріс оқып жүр. Сондай-ақ оқу ордасының материалдық-техникалық базасын жаңартуға демеушілік көмек бердік. Заманауи жабдықтармен қамтылған сұжаңа қос зертхана да жастарымыздың сапалы білім алуына септігін тигізеді деген сенімдемін», - деді ҚБМ Бас директоры Н.Союнов.

Қажетті заманауи техникалық жабдықтармен қамтылған оқу зертханалары студенттердің заманауи талапқа сай білім алып, ғылыми ізденістерін жүргізуге септігін тигізбек. Мысалы «Ұңғымаларды гидродинамикалық зерттеу» зертханасына «КАППА» динамикалық дерек-

терді талдау бағдарламасы орнатылған. Ол арнайы пәндерді оқытуда, сондай-ақ магистрлік және докторлық диссертацияларды орындау кезінде кеңінен қолданылады.

Ал «Бағдарламалық қамту» зертханасы су тұшыту, мұнай-газ өндіру және теңіз экологиясы саласындағы мамандарды даярлауда оқытуды жетілдіру, жаңғырту және интернационалдандыру, жаңа геокеңістіктік технологияларды, үлкен деректер мен қашықтықтан зондтауды пайдалана отырып, қоршаған орта және мұнай-газ аймақтары саласындағы жаңа бакалавр, магистратура, докторантура деңгейлерінде нарық талаптарына және озық тәжірибеге сәйкес инновациялық үш деңгейлі білім беру бағдарламаларын әзірлеуге бағытталған.

«Біз теория мен тәжірибені қатар дамытып өз саламыздың білікті маманы атануды көздейміз. Жаңа зертханаларымыз жарық, кең, жайлы. Барлық қажетті жабдықтар бар. Қаражанбас мекемесіне алғысымыз шексіз! Білімімізді шыңдап, жетістіктерімізді еселейміз деген сенімдеміз», - дейді студенттер.

Ашылу салтанатынан соң білім алушылар ҚБМ басшылығымен жүздесті. Кездесуде Нұрсейіт Союнов еңбек жолы, өндірістегі қызметтің қызығы мен қиындығы, сондай-ақ университет пен компания арасындағы қарым-қатынас пен алдағы жоспарлар туралы айтты. Шара соңында YU Президенті Берік Ахметов университеттің дамуына қосқан үлесі үшін ҚБМ Бас директорына білім ошағының алтын естелік төсбелгісін табыс етті.

ЖҰМЫС БЕРУШІ МЕН КӘСІПОДАҚ КЕЗДЕСУІ



«Қаражанбасмұнай» АҚ орталық кеңсесінде компания басшылығының «Қаражанбасмұнай» АҚ жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы» ҚБ өкілдерімен кездесуі өтті. Күн тәртібінде еңбек, әлеуметтік саясат және өндірістік бағыттарға қатысты бірқатар мәселелер қаралды.

Кездесу барысында мұнайшылардың біліктілігін арттыру, әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктер, кен орнындағы өндірістік нысандар құрылысы, көлік қызметінің жұмысы және т.б. тақырыптар қозғалды. Тараптар аталмыш бағыттар бойынша бір-біріне нақты сұрақтар қойып, мәселелердің шешу жолын қарастырды.

Екіжақты кездесу қорытындысы бойынша хаттама жасалып, департамент басшыларына көтерілген тақырыптар мен ұсыныстар бойынша тапсырмалар берілді. Кәсіподақ өкілдері де өз кезегінде екіжақты жұмыстарды жүргізуге дайын екенін жеткізді.

ҚАРАЖАНБАСТА ЖАҢА ЖАТАҚХАНА ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРІП ЖАТЫР



Жұмысшылардың еңбек және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту – «Қаражанбасмұнай» АҚ қызметіндегі басым бағыттардың бірі. Осыған орай кен орнындағы №4 жатақхана аумағында 192 адамға арналған тағы бір жаңа жатақхананың құрылысы жалғасып жатыр.

Төрт блоктан тұратын модульдік ғимараттың әрқайсысының аумағы 500 шаршы метрге жуықтайды. Тұрғын блогынан бөлек мұнда киім ауыстыру және кәріз-сорап станциясына арналған бөлмелер салу да жоспарланған.

Қазір жатақхананың іргетасы қаланып, инженерлік желілері толықтай тартылды. Енді ғимараттың қаңқасын бекіту жұмыстары қарқынды жалғасып жатыр. Мұнайшыларға қолайлы жағдай жасау үшін құрылысқа сапалы материалдар қолданылып, заманауи қажетті құрылғылармен жабдықталады.

Аталмыш жатақханаға бұрын «ТМС» лагерінде қоныстанған жұмысшылар көшірілмек. Құрылыс жұмыстары биыл жазда аяқталады деп жоспарланып отыр.

ТӘЖІРИБЕМЕН БӨЛІСУ - НӘТИЖЕГЕ НЫҚ ҚАДАМ!

«Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) жұмысшылары Yessenov University (YU) ұстаздарымен тәжірибе бөлісті. Ұңғымаларды ғылыми зерттеу және өндірістік жұмыстар цехының (ҰҒЗӨЖЦ) қызметкерлері болашақ мамандарға дәріс беретін қос оқытушыға кен орнын игеруде кеңінен қолданылатын «КАППА Сапфир» бағдарламасы жұмысын толық таныстырды.

Кен орнында аталмыш бағдарлама соңғы жылдары қолданысқа енді. Ол арқылы ҰҒЗӨЖЦ инженерлері күн сайын зерттеу жүргізіп, ұңғымалардағы қысым, температура, сұйықтық деңгейі, дебит және т.б. көрсеткіштерді өлшейді. Сондай-ақ мұнай, су, газ және газ конденсаты сынамасын алып, түрлі іс-шараларды жүзеге асырып келеді.

«Қаражанбас мұнайшылары үнемі кәсіби біліктілігін арттырып отырады. Жинаған тәжірибемен бөлісу арқылы біз әріптестеріміздің де бәсекеге қабілетті болуына үлес қоса-

мыз. Кен орнында қолданылатын КАППА бағдарламасын YU ұстаздарына үйретуге барымызды салып жатырмыз»-, деді ҰҒЗӨЖЦ жұмысшылары.

Ізденістен жалықпайтын университет оқытушылары бір апта бойы ең алдымен бағдарламаны пайдалану ережелері мен тәсілдерін мұқият меңгерді. Оған қоса кен орнын аралап, ұңғымаларды гидродинамикалық зерттеу барысына қатысты. Ұстаздар мұнайшылардан алған мағлұматтары мен тәжірибесін студенттермен бөлісуге асық.

Айта кетейік, ҚБМ демеушілігімен YU-де екі бірдей оқу зертханасы ашылды. «Ұңғымаларды гидродинамикалық зерттеу» зертханасында әр білім алушыға «КАППА Сапфир» бағдарламасы қолжетімді. Екіжақты тәжірибе аламасу нәтижесі болашақ мұнайшылардың сапалы білім алуына оң әсер ететіні анық.



ҚБМ ҚЫЗМЕТКЕРІ ҚЫТАЙДА МАРАПАТТАЛДЫ



«Қаражанбасмұнай» (ҚБМ) АҚ Заң департаментінің директоры Алия Кошьева Қытайдың Шанхай қаласында құрметке бөленді. «CITIC Group» корпорациясының Директорлар Кеңесі Төрағасы Си Гоуа жылды қорытындылап, қызметте кәсіби жетістіктерімен көзге түскен мамандарды марапаттады.

«Жылдың үздік қызметкері» атағына корпорацияға қарасты компаниялардың 100 қызметкері лай-

ық деп танылды. Олардың арасында қытайлық мамандармен қатар 10 шетелдік қызметкер бар. Директорлар Кеңесінің Төрағасы өз сөзінде «CITIC» ірі кешенді көпұлтты кәсіпорын ретінде әрдайым шетелдік бизнестің дамуына ерекше мән беретінін атап өтті. Сондай-ақ шетелдік персоналдар да өз салалары бойынша табанды еңбек ететініне сенім білдірді. «CITIC Resources» акционері ҚБМ атынан марапат алған Алия Коши-

ева компанияда 15 жылдан астам уақыттан бері еңбек етіп келеді. Осы уақыт ішінде ол компания ұжымының құқықтық мәдениеті мен құқықтық сауаттылығын қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосып келеді. Ол компанияның барлық заң талаптарын сақтауына кепіл болатын жоғары санатты кәсіби маман.

«Мен үшін бұл марапатты иелену ерекше жоғары құрмет. Бұл тек менің емес, тұтас ҚБМ-ның абыройы. Компаниямыздың құқықтық саясатын дамыту жолында әлі де талмай еңбек етуге дайынмын», - деді А. Кошьева.

Айта кетейік, ҚБМ акционер «CITIC Resources»-пен бірге 20 жылға жуық уақыттан бері берік қарым-қатынаста жұмыс істеп келеді. Ортақ мүдде – Қаражанбас кен орнын игеріп, Бозашы даласындағы өндірісті өркендету.

ЕҢБЕК АДАМЫ - ЕЛГЕ ҮЛГІ



Айтқали Жаңбырбаев ҚБМ-да 30 жылдан астам тәжірибесі бар білікті маман. Ол Қаражанбастағы еңбек жолын қатардағы оператор болып бастаған. Нәтижелі жұмысымен көзге түскен Айтқали 2003 жылы ұңғымаларды күрделі жөндеу шебері қызметіне ауысты. Бүгінде аталмыш цехтағы аға шебер қызметін абыроймен атқарып келеді.

Адал қызметімен абырой биігінен көрінген кейіпкеріміздің жеткен жетістіктері де аз емес. Өндірістің өрге өрлеуіне елеулі үлес қосқан ол «Адал еңбегіңіз

үшін», «Қазақстан мұнайына 120 жыл» төсбелгілермен марапатталған.

««Мамандығым – мақтанышым» -, деп айтуға толықтай негіз бар. Күрделі қызметімді жауапкершілікпен атқаруға тырысамын. Кен орнындағы маңызды жұмысым арқылы ел экономикасына елеулі үлес қосып жүргеніме қуанамын. Алдағы уақытта да әріптестеріммен бірге биік белестерді бағындыратынымызға сенемін», - дейді Айтқали Жаңбырбаев.

ҚБМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ТҮПҚАРАҒАН САХНАСЫНДА



«Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) жұмысшылары Түпқараған ауданы тұрғындарын талантымен тамсандырды. Әлеуметтік саясат және мердігерлермен өзара іс-әрекет департаменті қызметкерлері аудандық мәдениет үйі сахнасында «Тасада өскен гүл» қойылымын сахналады.

Спектакльге аудан әкімі Рахат Елтизаров, өңірдегі желтоқсан оқиғасының қатысушылары мен Ақкетік тұрғындары қатысты. Бір сағаттан астам уақытқа созылған қойылымда адал достық, бақыт пен байлық, жауапсыз махаббат пен Отанға деген сүйіспеншілік сахналанды. Желтоқсан боздақтарын еске алып, олардың ерлік естеліктеріне тағзым жасалды.

«Қойылым кәсіби актерлер ойынынан кем түспеді. Мұнай саласында еңбек ете жүріп, шығармашылық қабілетін паш еткен қызметкерлерге ерекше тәнті болдық. Айтылған әр сөзден ой түйіп, патриоттық сезіміміз арта түсті. Тәуелсіздік – біздің басты байлығымыз екенін әрдайым естен шығармауымыз қажет. Мұнайшылар өнері өрлей берсін!», - деді түпқарағандық көрермендер.

Қойылымнан соң аудан әкімі тұрғындарға рухани демалыс сыйлаған ҚБМ қызметкерлеріне ерекше алғыс білдірді. Көрермендер де алған әсерімен бөлісіп, мұнайшылардың актерлік шеберлігіне жоғары баға берді. Айта кетейік, компания басшылығы Қаражанбас кен орнының Түпқараған ауданы аумағында орналасуын ескере отырып, әлеуметтік жобаларға көп көңіл бөледі және жергілікті атқарушы билікпен үнемі тығыз әрі белсенді жұмыс жүргізіп келеді.



МАМАНДЫҒЫМ – ӨМІРІМНІҢ МӘНІ



қызмет етіп, шеберлігін шыңдады. Компаниядағы еңбек жолын іс жүргізуші болып бастаған Гүлайым, қызметін мұнай және газ өндіру операторы болып жалғастырды. Ерлермен иық теңестіре еңбек еткен ол, 2004 жылдан күні бүгінге дейін орталық инженерлік-технологиялық қызметінде өндірістік деректер жөніндегі диспетчері болып жұмыс істеді.

«Қаражанбас кен орнында өлке өндірісіне үлес қосып, зейнет демалысына шығу мен үшін мәртебе. Құрмет көрсетіп, мерейімді өсірген әріптестеріме алғысым шексіз. Соңғы вахтада қызық та қиын кезеңдерді қимастықпен еске алдым. Қаражанбас жасай берсін!», - дейді Г.Ноғаева.

Тиянақтылық, жауапкершілік пен өз ісіне адалдық Гүлайымды абырой биігіне көтерді. Алпыстың алтын қазығын қағып, құрметті демалысқа шыққан зейнеткер талай жас маман үшін саланың қыр-сырын меңгерген тағылымды тәлімгер. Ол өндіріс алаңдарындағы әрбір естелігінің өмір кітабындағы маңызды тарауда алтын әріптермен таңбаланғанына дән риза.

Қызмет деген белестен асып, зейнет демалысына шығар шақта әріптестердің құрметі мен ыстық ықыласына бөлену - еңбек адамының мәртебесін арттырады. Бұл ұзақ жылдар бойы төгілген тер мен атқарған адал еңбек жемісі десек артық айтпағанымыз болар. «Қаражан-

басмұнай» АҚ ардагерлерінің жолын жалғап, ару ғұмырын өндіріске арнаған Гүлайым Ноғаева өмірдің жаңа кезеңіне қадам басты.

Кейіпкеріміз ғұмырының 40 жылға жуық уақытын мұнай игеру саласына арнады. Білікті маман соңғы 27 жыл көлемінде Қаражанбас кен орнында



ӘКЕ ЖОЛЫН ЖАЛҒАҒАН ІЗТҰРҒАНОВТАР ОТБАСЫ

Мәртебелі мамандық – бабадан балаға мирас болған басты құндылықтардың бірі. Еліміздің әр өңірінде ата кәсібін жалғап, өндірісті өркендетуге атсалысып жүрген династиялар бар. Бұл жолы біз сіздерді мұнай өндіру саласын серіктенген Ізтұрғановтар отбасымен таныстырамыз.

Бекболат Ізтұрғанұлы 1941 жылы Форт-Шевченко қаласында дүниеге келген. 1960 жылы Қазақ политехникалық институтының тау-кен факультетіне оқуға түсіп, 1966 жылы аталмыш оқу ордасынан түлеп ұшқан елдегі ең алғаш мұнайшы-инженерлердің бірі.

Институтты сәтті тәмамдаған Бекболат Ізтұрғанұлы сол жылы еңбек жолын Өзен мұнай өндіру басқармасында оператор болып бастаған. 1979 жылы «Комсомольскнефть» МГӨБ басшысы қызметіне келіп,

мұнай өндіру жұмыстарын бастағандардың бірі. Одан соң 1985 жылы Қаражанбас УПНПиКРС-ке (қабаттардың мұнай беруін және ұңғымаларды күрделі жөндеуді арттыру басқармасы) басшы орынбасары болып ауысты. Кейін еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі бөлімінің басшысы болып еңбек еткен.

Әкенің өнегелі еңбек жолын төрт ұлы қатар жалғады. Тұңғышы Рахим Ізтұрғанов «Қаражанбасмұнай» АҚ-да 38 жылдан бері еңбек етіп келеді. Қазір ол қабат қысымын ұстау цехының 5-дәрежелі слесарі. Рахимнің жұбайы Дәмет Ізтұрғанова да Қаражанбас кен орнындағы ұңғымаларды ғылыми зерттеу және өндірістік жұмыстар цехында инженер.

Нагим Ізтұрғанов ҚБМ-да 30 жыл еңбек өтілі бар мұнайшы. Сапа және тәуекелдерді басқару қызметінің жетекшісі болып қызмет ететін ол, өн-

діріс өмірін де, орталық аппарат жұмысын да жетік меңгерген маман. Мейрам Ізтұрғанов та Қаражанбас кен орнында желілік аудандар шебері, энергетикалық учаске басшысы болып 30 жыл табан аудармай еңбек етті. Мейрамның жұбайы Бақтыгүл «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да материалдық жабдықтау базасында қойма меңгеруші. Бұдан бөлек, шаңырақтың кенжесі Бердібек Ізтұрғанов Қаламқас кен орнында токарь болып жұмыс істейді.

Абыройлы еңбек адамды жетістікке жетелейді. Ізтұрғановтар отбасының төрт ұлы мен қос келіні өздеріне жүктелген кәсіби міндетін мінсіз атқарып, ел экономикасының өрге басуына тамшыдай үлес қосып жүр. Осылайша олар әкеден аманатталған мамандықты өмір салтына айналдырып, бақыттың кілтін еңбектен тапқан азаматтар.




ҚМГ СПАРТАКИАДАСЫНА ІРІКТЕУ БАСТАЛДЫ



Қаражанбаста «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ-ның жыл сайын өтетін спартакиадасына іріктеу басталды. II вахта жұмысшылары үстел теннисі, шахмат, тоғызқұмалақ, қол күрес, арқан тарту, асық ату сайыстарынан сынға түсіп, өзара мықтыларды анықтады.

Білек күші мен логикалық қабілетіне сенген мұнайшылар тартысты ойын өрнегін көрсете алды. Үстел теннисінен әлеуметтік жұмыс тобының спорт нұсқаушысы Талап Барболов пен өндірісті жабдықтау базасының (ӨЖБ) слесарі Бекзад Шадкам үздік атанса, шахматтан өндірісті автоматтандыру цехының (ӨАЦ) слесарі Елдос Есетов пен технологиялық көлік департаментінің (ТКД) шебері Исладин Байсегізov алға шықты. Тоғызқұмалақ ойынында зияткерлік қабілетін сарапқа салғандар арасында қабат қысымын ұстау цехының (ҚҚҰЦ) операторы Берік Нұрғалин топ жарды. Қол күрес бойынша 80 келіге дейінгі қатысушылар арасынан пайдалану жабдықтарын икемдеу-жөндеу цехының (ПЖИЖЦ) дәнекерлеушісі Дәурен Қуандықов, арқан тартудан ТКД жігіттері жеңісті қолдан бермеді. Ал асық атудан бу өндіру цехының (БӨЦ) машинисі Ерлан Қадір мен ПЖИЖЦ слесарі Бекбол Сейілханов шашасына шаң жұқтырмады.

Аталмыш сайыстар I вахта мұнайшылары арасында да өтеді. Оған қоса футбол, волейбол, баскетбол, киберспорт пен жүзу бойынша да қос вахта мықтылары тартысқа түседі. Үздік атанғандар келесі кезеңге жолдама алып, ҚБМ намысын қорғауға тырысады.



БІРЛІК – БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

Қаражанбас жұмысшылары үшін ұйымшылдық пен ұжымдық рух басты құндылықтардың бірі. Мұнайшылар қызмет барысында да, жұмыстан тыс уақытта да әріптестік қарым-қатынасын нығайтып, түрлі сайыстар мен шаралар өткізуді әдетке айналдырған. Бұл жолы материалдық-техникалық жабдықтау базасы ұжымы шағын футбол турнирін ұйымдастырып, өз араларындағы аяқдоп шеберлерін анықтады.

Жарысқа 5 құрама команда қатысты. Ойыншылардың әрқайсысы үздік нәтиже көрсетуге барын салды. Командалық үндестік, өзара түсіністік пен фutsal техникасын тиімді қолдану арқасында қақпаға жарқын голдар соғыл-

ды. Жанкүйерлер қолдауы да мұнайшыларға ерекше жігер мен жеңіске ұмтылыс сыйлады.

«Спорт бізді ең алдымен бірлікке бастайды. Ойын арқылы әріптестік қарым-қатынасымыз нығая түсті деп айта аламыз. Турнир тартысты өтті. Жеңісті күндеріміз көп болсын!», - деді сайысқа қатысушылар.

Қорытындыға сәйкес, орталық қойма шаруашылығы учаскесі үздік үштіктен көрінді. II орын жүк тиеп-түсіру учаскесі командасына бұйырды. Ал бұрғылау және ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу департаментінің қойма шығармашылық учаскесі шашасына шаң жұқтырмай, I орынды қанжығасына байлады.



Қаражанбастың материалдық-техникалық жабдықтау базасы (МТЖБ) ұжымы цехішілік шағын футбол турнирін өткізді. Салауатты өмір салтын ұстанып, ұжымның бірлігін нығайтуды көздеген II вахта жұмысшылары өзара командаларға бөлініп, тартысты ойын көрсетті.

Төреші ысқырығы естілген сәттен аяқдопшылардың мықты соққылары мен сәтті пастары командалар-

ды жеңіске жақындата түсті. Жүк ілдірушілер, жүк қабылдаушылар, қоймашылар мен бас кеңсе мамандары әртүрлі әдістерді ұтымды пайдаланып бір-бірінен басым түсуге тырысты.

«Турнир өте жақсы өтіп жатыр. Әріптестеріміздің спорттық қабілеттерін паш етіп, бізді бірлікке бастаған жарыс болды деп айта аламыз. Қандай орын алатынымыз маңызды емес.

Бір үйдің баласындай татулығымыз – біздің басты жеңісіміз!», - деді МТЖБ жұмысшылары.

Қорытындыға сәйкес, бас кеңсе командасы үздік үштікті түйіндеді. Екінші орынға жүк ілдірушілер құрамасы лайық деп танылды. Ал барлық матчта жеңіске жеткен жүк қабылдаушылар ұпай санымен алға шығып, жеңімпаз атанды.

ҚАҢТАР АЙЫНДАҒЫ МЕРЕЙТОЙ ИЕЛЕРІН

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

60 жас

- 07.01.1964 жыл, Құрбаншаев Абай Арықбайұлы,
№1 ҰЖКЖЦ Көтергіш жүргізушісі
- 10.01.1964 жыл, Сүйеуов Өтебай Данабаевич,
Доңға учаскесінің Жөндеуші-слесарі
- 18.01.1964 жыл, Тоғаев Оразалы Сақыпұлы,
№2 автотізбек жүргізушісі
- 23.01.1964 жыл, Өтепов Айдос Шонаұлы,
№6 автотізбек жүргізушісі
- 23.01.1964 жыл, Иманбаев Нұркен Алқабайұлы,
№6 автотізбек жүргізушісі
- 25.01.1964 жыл, Әндімбаев Қарасай Амантайұлы,
№2 автотізбек жүргізушісі



50 жас

- 02.01.1974 жыл, Бурханов Лұқпан Шүркеұлы,
ПЖИЖЦ токарі
- 04.01.1974 жыл, Шадибаев Серік Мырзағұлұлы,
ПЖИЖЦ жөндеуші слесарі
- 06.01.1974 жыл, Мырзағали Ерлан Айдынғалиұлы,
№1 ҰЖКЖЦ көтергіш жүргізушісі
- 08.01.1974 жыл, Мұхан Нұрлан Ордалыұлы,
ҚҚҰЦ шебері
- 09.01.1974 жыл, Хасымбаев Ағабек Темірханұлы,
№2 ҰЖКЖЦ бұрғышы көмекшісі
- 12.01.1974 жыл, Нұрымов Руслан Аязханұлы,
№5 автотізбек жүргізушісі
- 13.01.1974 жыл, Көшбаев Нұрым Аманжолұлы,
№1 ҰЖКЖЦ көтергіш жүргізушісі
- 15.01.1974 жыл, Жұмағалиев Саламат Оңғарұлы,
№3 МӨЦ операторы
- 19.01.1974 жыл, Сүйетбаев Ұғыбай Оспанұлы,
№3 автотізбек ЦА моторисі
- 23.01.1974 жыл, Раваев Рубен Леникович,
№6 автотізбек жүргізушісі
- 28.01.1974 жыл, Утеулиева Ақжамал Айсәкіқызы,
ТЖКЕУ технигі
- 29.01.1974 жыл, Садырова Айжан Иман-Жүсіпқызы,
Персоналды іріктеу, тарту және бағалау бөлімінің басшысы
- 31.01.1974 жыл, Дрозд Петр Николаевич,
ЭЦ электрмонтері



Құрметті мерейтой иелері!

Жеміс берсін тер төккен еңбегіңіз,
Бақыт болсын әрдайым көргеніңіз.
Еңбекпен мерейіңіз таси берсін,
Артылып абыроймен беделіңіз!



Қаражанбас

Елу жыл болды бүгінде,
Бозашы түбек жерінде.
Өндіріп мұнай бастаған,
Қаражанбас кенінде.

Елу жылдың артында,
Жатыр талай уақиға.
Қиындық пен жетістік,
Мұнайшыны шыңдауда.


Қыстың қатты боранын,
Жаздың ыстық аптабын.
Еңбек қылған елемей,
Мұнайшылар жарардың!

Қаражанбас мұнайы,
Елдің болған шырары.
Қазынаға құйылып,
Игілікке жарайды.

Мұнайшылар қалың ел,
Жас бұын мен ардагер.
Елім алға дамуға,
Еңбекпен үлес қоса бер.



Мұнайшы
шығармашылығы



Есет Тоқмурзин
Зейнеткер

Қаражанбасқа 50 жыл

1974-тің қысы еді,
Бозашы атты түбекте
Барлаушы мен бұрғышы
Тілектері жүректе.

Қаңтар айы ішінде,
Қаражанбас төсінде.
Алғашқы бұрқақ атқылап,
Көптің қалды есінде.

Жарты ғасыр өтіпті содан бері,
Көрініп тұр көп нәрсе өзгергені.
Ұмытпайық ағайын ешқашанда,
Өлкемізде өндірісті өрлеткендерді.

Ардагерлер еселі еңбек жолын,
Жас бұын мұнайшыға табыстады.
Күннен-күнге артумен өндірісі
Қаражанбас қанат қағып қарыштады!



Мұнайшы
шығармашылығы



Кенжеғали Құлиман
№2 МӨЦ операторы



QARAJANBAS

«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ
КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ

Шығарушы:

«Қаражанбасмұнай» АҚ

Мекен-жайы:

130000 Қазақстан Республикасы,
Ақтау қаласы, 9 «а» шағын аудан,
4 ғимарат

Шығарылымға жауаптылар:

Себасов М.Б. – Әлеуметтік жұмыс
департаменті Директорының орынбасары
Телефон: 8 (7292) 473871
E-mail: M_Sebasov@kbn.kz

Түзелбай А.А. – баспасөз хатшы
Телефон: 8 (7292) 473072
E-mail: A_Tuzelbay@kbn.kz

Исаев А.Р. – журналист
Телефон: 8 (7292) 473002
E-mail: A_Issayev@kbn.kz

Газет ҚР ИЖДМ 11.12.15 тіркеліп,
№15740-Г куәлігі берілген

Газет ай сайын шығады
Таралымы 500 дана.

Газет «Жарқын Ко» ЖШС
баспаханасынан шықты.

Мекен-жайы:

010000, Қазақстан Республикасы,
Астана қаласы, Абай данғылы, 57/1
Тел.: 8 (7172) 21 50 86
Сайт: www.zharkyn.kz